ХҒТАР 03.20

# XIX ғасырда жер аударылғандардың Семей облысы өлкетануын дамытудағы қызметінің тарихнамасы

**Меруерт Б. Ибраева[1], Бакыт Ж. Атантаева[2], Арафат М. Мамырбеков[3]**

[1,2] *Шәкәрім атындағы Семей* мемлекеттік *университеті*, Семей, *Қазақстан*
[3]*Әлихан Бөкейханов университеті, Семей, Казахстан*

***Корреспонденция үшін автор:batantaeva@mail.ru**
[2]https://orcid.org/0000-0001-6104-9797
[3]https://orcid.org/0000-0002-3454-8563
DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-7-28

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі таңда тарихи тұрғыдан алғанда, әлеуметтік маңызы мен болашағы зор ғылыми бағыттың бірі – Қазақстан өлкетануының ғылыми теориялық деңгейде объективті зерттелуіне байланысты тақырып қарастырылады. XIX ғасырда Семей өңіріне жер аударылып келген оқыған, жаңалықтарға құмар, ізденімпаз жастардың өлкемізді ғылыми зерттеуде елеулі із қалдырған қызметін Ресейдің ғылыми кітапханаларының мұрағаттық қорларында және Семей облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорларында сақталған аса құнды құжаттар арқылы талдау, тың көзқарастар мен тарих ғылымында бекітілген ғылыми тұжырымдар негізінде баяндау.

Жер аудару (жазалау) жүйесін зерттеудің жалпы проблематикасының құрамдас бөлігі болып саналатын, XIX ғасырда жер аударылғандардың қызметін зерттеу тақырыбы, жер аудару тарихы жөніндегі бірқатар еңбектерде көрініс табады. Бұл жерде Сібір аймағында жер аударылғандардың қызметіне қатысты ау деген көптеген ақпарат, құнды бақылаулар, фактілер, қорытындылар келтіріледі. Бастапқыда көптеген материалдар үзінді ретінде үзік-үзік шашыраңқы болды, кейіннен кеңестік және қазіргі кездегі жұмыстарда жүйелеу үрдісі байқалады.

Сонымен қатар жер аударылғандардың тарихы туралы алғашқы Батыстық зерттеушілердің еңбектері және қазіргі таңдағы шетелдік зерттеушілердің жазған мақалалары толыққанды зерттеледі.

Мұрағат материалдарының, жеке мақалалардың, жинақтардың, монографиялардың, сілтемелер тарихы бойынша басылымдардың жаңа шығарылымдары құнды ақпарат көзі болып табылады. Сонымен қатар, мақалада жер аударылғандардың ғылыми - зерттеу, мәдени-ағартушылық қызметі қарастырылған және олардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері көрсетілген еңбектер көптеп талданады. Мақалада тың деректер, фактілік құжаттар ғылыми айналымға енгізіліп, жүйелі ретроспективті және кең көлемді талдау жасалып, жер аударылғандардың Семей өңірінің өлкетануын дамытудағы қызметінің ерекшеліктері мен негізгі тенденциялары анықталады.

**Түйін сөздер:** жер аударылғандар; Сібір; отарлау; қуғын-сүргін; қудалау; Батыс Сібір ауданы; этнография; зерттеуші; өлкетану; экспедиция.

ХҒТАР 03.20.

Received 07 April 2022. Revised 11 May 2022. Accepted 31 May 2022. Available online 30 June 2022.

**For citation:**

Ibrayeva M.B., Atantayeva B.Zh., Mamyrbekov A.M. Historiography of the activities of the exiles in the development of local history of the Semipalatinsk region of the XIX century //Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 139. – №. 2. – C. 7-28. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-7-28

**Для цитирования:**

Ибраева М.Б., Атантаева Б.Ж., Мамырбеков А.М. Историография деятельности ссыльных по развитию краеведения в Семипалатинской области в XIX веке // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 139. – №. 2. – С. 7-28. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-7-28

## Кіріспе

Тәуелсіз елімізде тарихи сананы қалыптастырып жандандыру мақсатында Қазақстанның қазіргі заман тарихының мазмұны мен негізін жаңаша зерттеу міндеті іске асырылуда. Қазақстанның жасампаз жастарына өткен тарихымызды түбегейлі зерделеп, тарихи-мәдени құндылықтарымызды нақтылай отыра, өңірлердің жекелей тарихи ерекшеліктерін анықтап, маңыздылығын арттыру арқылы бүкіләлемдік кеңістіктен өзіне лайықты орынды айқындаудың қажеттілігі туды.

Жалпы Қазақстан өлкетануының объективті зерттелуі, оның әлеуеті мен ғылыми-теориялық деңгейдегі даму үрдісінің айқындалуы қазіргі таңда өзекті, әлеуметтік маңызы мен болашағы зор ғылыми бағыт болғанын көреміз. Оған дәлел, тағдырдың тәлкегіне ұшырап, мемлекеттің саяси құрбанына айналған XIX ғасырда Семей өңіріне жер аударылып келгендердің өлкемізді зерттеудегі жасаған зор еңбектерінің жан-жақты зерттелуі. Яғни, олардың өлкені зерттеудегі қызметінің ерекшеліктері мен негізгі тенденцияларын ашып қана қоймай, еңбектеріне толыққанды ретроспективті және жүйелі талдау жасай отыра, тың деректер мен фактілік құжаттарды ғылыми айналымға енгізуді негізгі міндет деп алып отырмыз.

Бұл мақалада біз Батыс Сібірге айдалғандар еңбектерінің Семей өлкетануының дамуына қосқан үлестерінің зор екендігін, олардың атқарған қызметтері, негізінен Семей өлкетануы тарихнамасының негізгі бөлігін құрайтындығын дәлелдеуге тырысамыз.

Әрине, бұл тақырыптың маңыздылығы тек өткен тарихты ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыру емес, сонымен қатар жер аударылғандардың бай шығармашылық-зерттеу мұрасын тәжірибелік тұрғыдан қолдану. Онымен қоса, осы өңірдің қазіргі даму тенденциялары мен заңдылықтарын түсінуге тырысу және өткен тарихты өмірлік сабақ ретінде пайдалану.

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын 1888 ж. құрылған Томск мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасының, А.С.Пушкин атындағы Томск облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының, Санкт-Петербург қаласындағы Б.Н.Ельцин атындағы Президенттік кітапхананың, Ресей Федерациясының Ұлттық электрондық кітапханасының, Ресейдің Мемлекеттік қоғамдық тарихи кітапханасының және Семей облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорларында сақталған аса құнды құжаттар құрайды.

Сонымен қатар, 1906 жылы жарияланған Дж.Кеннанның «Сибирь и ссылка» еңбегі (Кеннан, 1906), С.В. Максимовтың 1900 ж. Санкт-Петербургте басылып шыққан үш томдық «Сибирь и каторгасы» (Максимов, 1900), дәл осы жылы «Санкт-Петерборг түрмесі» типографиясынан басылып шыққан А.П.Саломонның «Ссылка в Сибирь» (Саломон, 1900), 1895 ж. жарияланған А.И. Дмитриев-Мамоновтың «Декабристы в Западной Сибири: очерк по официальным документам» (Дмитриев-Мамонов, 1905)

еңбектері және т.б. негізгі деректік материалдар жинағын құрайды.

Онымен қоса, жер аударылғандардың өздерінің жүргізген зерттеулерінің, атқарған қызметтерінің үлкен нәтижелері ретінде өңірімізге бай мұра болып қалған Адольф Янушкевичтің «Дневники и письма из путешествия по казахским степям» (Янушкевич, 2019: 110-178) атты күнделігі жеке, кең көлемдегі зерттеуді қажет етеді. Бұл еңбекте XIX ғасырдағы қазақтар тарихындағы көптеген маңызды эпизодтар сипатталған. Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының Ресейге қосылуы, сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау жасалып, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, қолданбалы өнер сияқты халықтың мәдени-рухани жәйттәрі сипатталады.

XX ғасырдың басында Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің «Записки»-ларында (Записки СПЗСИРГО, 1903-1931) жарияланған жер аударылғандардың еңбектері де өңірдің, әсіресе географиялық тұрғыдан зерттеулерімен, ғылыми ақпараттарымен тарихын толықтырып отырғаны белгілі.

Сондай-ақ XX ғасырда Ресей ғылымында өлкелік тарихқа жете назар аударыла бастағандықтан, 1927 ж. шығарылған «Сибирская ссылка» (Чужак, 1927) және 1968-1969 жылдары жарық көрген «История Сибири с древнейших времен до наших дней (в 5 томах)» (История Сибири, 1968-1969) басылымдарын ғылыми зерттеулерге қоссақ, өз кезегінде олар тақырыпты тереңірек, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми мақаланың мақсаты - XIX ғасырдағы жер аударылғандардың Семей өңірі өлкетануын дамытудағы жасаған ұлан асыр қызметтерінің қаншалықты зерттелгендігін ашық тізбектеу, зерттеген ғалымдардың еңбектері мен жазбаларына тарихнамалық талдау жасау және мұрағат, кітапхана мұраларының қорларындағы құнды материалдар мен тың деректерді ғылыми айналымға енгізу.

Мақсатқа қол жеткізуде төмендегі міндеттердің қойылуы абзал:

- Сібірге жер аударылғандар туралы алғашқы Батыстық зерттеушілердің еңбектерін және қазіргі таңдағы шетелдік зерттеушілердің еңбектерін қарастыру;
- Семей жеріне жер аударылғандар туралы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғ. басында жазылған еңбектерді құнды дерек ретінде салыстырмалы түрде қарастыру;
- Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі басылымдарда жарық көрген ғылыми еңбектерден өңірімізге байланысты жер аударылғандардың қызметінің мазмұнын ашу;
- Тәуелсіз Қазақстандағы осы мәселенің салыстырмалы түрде зерттелуінің даму үдерісін айқындау.

## Зерттеу әдістері

Мәселені кешенді зерделеу үшін тарих ғылымдарында кеңінен пайдаланылатын тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалары қолданылды. Жалпыметодологиялық қағидалар және кешенді, әмбебап зерттеу бағыттары XIX ғасырдағы жер аударылғандардың Қазақстан өлкетануын дамытудағы қызметін мұрағат құжаттары және деректік маңызы бар еңбектер негізінде салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеуде арнайы тарихи, деректанулық және тарихнамалық әдістер талдау, синтездеу, салыстырмалы-тарихи, ретроспективті, қорыту, бағалау, моделдеу, есептеу, баяндау кеңінен пайдаланылды. Зерттеу тарих ғылымдарының тұжырымдалары мен теорияларына сүйенді, өйткені олар белгілі бір мәселені мерзімдемелік тұрғыда архив құжаттары және тарихнамалық деректер бойынша талдауға мүмкіндік береді.

## Талқылау және нәтижелер

Семей бекінісі 1745 жылдан бастап Сібір губерниясына қарасты, ал 1854 жылдан бері, Семей облысы ретінде Батыс Сібір губерниясына жатқан болатын (Хронологический перечень, 1883: 167).

Жалпы алғанда Ермактың 1581 жылы Сібірді жаулап алуынан бастап (Хронологический перечень, 1883: 35). Сібір аймағы түрменің, жаза өтеу мен тағдыр тауқіметімен елестетін деңгейге жеткен еді. Семей аймағы Ресейдің қол астына өтіп, Сібірдің бір аймағына енуі, бұл өлкенің де жер аударылғандар мен саяси қуғын сүргін көрген тағдырларды қабылдаушы орталықтардың біріне айналған болатын. Осылайша Сібірдің түрме алаңы образы XIX ғасырда Семей жеріне де таңылғандай бола бастады. Бірақ, қасиетті қазақ жері Сібірдей қайғы мен аяздың, өлім мен өмірдің отаны емес, жазасы жеңілдеген бірақ босап шықпаған талай игі жақсыларға пана болды. Жергілікті мәдениеті қалыптасқан, дәстүрі мен фольклоры бай, табиғаты әсем қазақ елі көзі ашық тұтқындарға таптырмас зерттеу алаңына айналып кете барды. Ресей империясының саяси қуғынының құрсауында қалған талай тұтқын достыққа жаны құштар, жүрегі кең қазақтармен араласып талай еңбектер қалдырды. Бұған Достоевскийдан асқан мысал жоқ.

XIX ғасырда Ресей империясының саяси жағдайы, оның ішінде жазалау шарасы ретінде қолданылған Сібірге қудалауға ұшырағандардың мәселесі шетелдік зерттеушілерді қызықтырмай қоймады. Себебі осы кездегі Ресейдегі аумалы-төкпелі саяси процесстердің, революциялық қозғалыстардың өршуі және оның елдердің халықаралық байланысына тигізетін әсері батыс әлемінің назарынан тыс қалмады. Осы тараптан алғанда Сібір жеріне зерттеушілер жан-жақтан ағыла бастайды.

Өңірімізге келген зерттеушілер бүгінгі таңда отандық тарих үшін мәні аса зор болатын қазақ даласы туралы құнды деректер мен тарихнамалық мәліметтердің қорын қалыптастырып, қазақ өлкесін отарлау саясатына ғылыми тұрғыдан негіздеуге де ішінара қызмет етті.

Солардың бірі, Ресейдің алғашқы американдық сарапшысы жас энтузиаст Джордж Кеннан 1885 жылы мұхиттың ар жағынан келіп, сенсациялық саяхат жасаған зерттеулері тарихта американдықтардың Ресейге деген көзқарасының қалыптасуына, тіпті керісінше өзгеруіне өзінің үлесін қосқаны мәлім. Ұзақ жолдың тауқыметін тартып, Петербордан Екатеринбургке дейін теміржол торабымен, бері қарай Түмен, сосын Ертіс бойындағы қалалар Омбы-Павлодар-Семей-Өскемен мен Барнауыл-Томск және ары қарай Иркутск, Чита, Нерчинск және Карий рудниктеріне дейін жетеді. Бір жарым жылға созылған саяхатында Сібір қалаларының саяси жағдайымен, қозғалыс күштерімен, құпия түрмелерімен, жер аударылғандармен тікелей танысып, тіпті 700-ге жуық жер аударылғандардың тізімі мен мекендерін алады. Нәтижесінде мұхиттың ар жағына үш чемоданға толтырылған: жер аударылғандардың өмірбаяндары, түрме күнделіктері, хаттар, кітаптар, баспа материалдары, бес жүзден астам фото суреттер, қолжазбалар және т.б. заттар болды. Экспедицияның ең үлкен нәтижесі «Сібір және қуғын-сүргін» атты тарихи деректерге толы еңбегі 1890-1891 жылдары Нью-Йорк, Лондон басылымдарында жарық көреді. Оған дейін 1887-1888 жылдары «Сенчури» беттерінде бірнеше мақалалары жарияланады (Сьюзан Смит-Питер, 2016:105-135).

Кейін осы кітаптың қаншалықты біз үшін маңызды дерек болатынын жазушы болжамаған да шығар. Десе де, тарихтың ақтаңдақ беттері барлығын айғақтап, саяси-әлеуметтік шындықтың шымылдығын ашты. Міне, осы ащы ақиқаттың астарында – алып жүйеге бағынғысы келмеген азат ойлы тұлғалардың ғұмырдариясы жатыр.

Кітапты жазуға кіріспес бұрын, Кеннан өзінің қолжазба дәптерлеріне, сібір газеттеріне библиографиялық көрсеткіш жасап, қуғын-сүргінге қатысы бар-ау деген үш жүздей орыс тілінде кітаптарды оқып жан-жақты зерттеген еді. Еңбек дәстүрлі саяхат жазбаларының әдеби жанрында жазылған, бірақ арасында автордың көргендерінен алған әсерлері мен оларды пайымдап сарауларынан, тарихи мәліметтер мен қуғын-сүргіннің статистикалық деректері мен жер аударылғандардың тарихынан баяндалады.

Мұндағы дәйекті мәліметтерді оқи

отырып, сол заманның тынысын анық көруге болады. Ендігі зерттеуші біздердің міндетіміз – осы жолжазбадағы қазақ қалалары, Ресейдегі жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің салдарынан өзгерген өлке мәдениеті мен тарихы жөнінде жазылған пікірлерді жіті зерттеп, оның айшықты тұстарын тиісті деңгейде дәріптеу.

Екі томдық еңбекте арнайы біздің өлкемізге Семейдегі жер аударылғандармен алғаш кездесуі, «Екатеринбургтен Семейге дейін» сияқты бірнеше тараулар арналған. Мұнда Семей жайлы тарихи статистикалық мәліметтер келтіріледі: «Қала он бес мың тұрғыны бар орыс, қырғыз, татар тұрғындарымен Ертіс өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Ташкент пен Орта Азия сауда жолында тұрғандықтан, әкімшілік-сауда орталығы болып саналады» (Ус, 2021). Дәл осында жер аударылғандармен алғаш танысқан еді.

Алғашқы таныстығын қаладағы екі жыл бұрын ғана (1883 ж.), осы саяси жераударылғандардың арқасында ашылған қоғамдық кітапханадан (кейіннен Гоголь атын иемденген, қазір Абай атындағы кітапхана) бастайды (Ковалев, Ермолаева, 2021).

Мәдениет орталықтарынан алшақ жатқан Семей үшін қоғамдық кітапхананың маңызы зор, ол тек қаланың ғана емес, бүкіл Семей өңірінің озық ойлы азаматтары бас қосатын мәдениет ошағына айналып, көпшілікті білім мен өнерге шақыратын, ақыл-ой дамуына үлес қосуда алатын орны жоғары болды.

«Сонымен қатар өздерінің археологиялық коллекцияларының негізінде құрылған өлкетану мұражайы бар, орыс тіліндегі газет-журналдарға толы, мыңдаған кітаптары бар сөрелерге қуанып, Спенсер, Льюис, Милль, Тейлор, Диккенс, Троллопа, Поэ, Скотт сияқты авторлардың романдары мен повестерін көріп, таң қалдым. Әсіресе, саяси экономикаға арналған кітаптар бөлімі үлкен екен, еңбектерді таңдап, кітапхананы толтырғандарға іштей ризашылығым мен қызығушылығым артты. Семейге деген көзқарасымды жақсартты, тіпті басқаша айтқанда, тамсандырды» - деп жазады саяхатшы (Меламед, 1981).

XIX ғасырдың екінші жартысында Семейдің рухани-мәдени өмірі үлкен жағымды өзгерістерге толы болды. Себебі мұнда жазасын өтеп жатқан бір топ зиялы қауым бар еді. Өлкенің тарихын зерттеуде жер аударылғандардың қызметі мен қосқан үлесі өлшеусіз. Өйткені қыруар еңбек атқарған әр түрлі қоғам мүшелері туған өлкеміздің өткен тарихы мен этнографиясы туралы бай, әрі ғылым үшін құндылығы шексіз мол материалдар қалдырды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, өз күштерімен Семей жерін жаңадан тың мәліметтермен және құнды мұрағат құжаттары арқылы зерттеп, нақты шындыққа негізделген біртұтас жергілікті тарихты жасауда атқарған қызметтері орасан зор. Әсіресе олардың әр кезде жинап, жүйелеген деректері, жазған еңбектері бай шығыс өңірінің тарихынан терең сыр шертеді. Олардың жүргізген этнографиялық, археологиялық, топографиялық, экспедицияларының зерттеулерін ғылыми тұрғыдан саралау төл тарихымыздың толыға түсуіне септігін тигізеді. Осы бір мол рухани қазынаны қалдырған жер аударылған тұлғалардың тарихын зерттеу шетелдіктерді ғана емес, жергілікті зерттеушілерді де қызықтырған тақырып болды.

XIX ғасырдың аяғында бірқатар ғалымдар мен зерттеушілер Ресей империясындағы қуғын-сүргінге байланысты зерттеулер жүргізді. Профессор Г.С. Фельдштейннің 1893 жылы жарық көрген «Ссылка. Очерки ее генезиса, значения истории и современного состояния» (Фельдштейн, 1893) атты еңбегі үш бөлімнен тұратын Ресейдегі оппозициялық және саяси салдары қозғалмай, жалпы қуғын-сүргінді әлеуметтік институт ретінде қарастыратын жалпылама тарихи теориялық еңбек. Ежелден жазалау шарасы ретінде қолданылған шет аймаққа айдауға жіберіп, қуғын-сүргінге ұшыратудың тарихын, оның даму үрдісін, әсіресе кезең-кезеңге бөліп қарастыруын, ең ауыр жаза ретінде қуғынды пайдаланудың мемлекет үшін оң және теріс дәлелдері мен пікірлерін ашып жазған. Батыс Европаның

бірқатар елдеріндегі ежелден қолданылып келе жатқан заңдар, өздерінің отар елдеріне депортациялау, қудалау сияқты әдістерімен салыстырмалық тәжірибелік зерттеуі еңбектің мазмұны мен деректік құндылығын арттыруда.

Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдың аяғында профессорлар И.Я. Фойницкий (Фойницкий, 1881), С.Л. Чудновский (Чудновский, 1889), Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің қызметшісі Алексей Дуров (Дуров, 1891) белгілі криминалист Д.А. Дриль (Дриль, 1899) және т.б. зерттеушілердің жазған еңбектері мен мақалалары теориялық тұрғыда бір сарынды, жазалау әдісі ретінде пайда болған қуғын-сүргіннің жалпылама тарихы, оның түрлері, статистикалық мәліметтері, қуғындалғандардың сол жерге біртіндеп бейімделуі, олардың өмір сүру тәртібі, әлеуметтік жағдайы, қоғамда алатын орны және т.б. аспектілері зерттелген.

Дегенмен, осындай зерттеулерде Сібірге жер айдалу тарихы толық, жан-жақты тізбектеліп жүйелі жазылғанымен, мұның ішінен қудаланғандардың ғылыми, мәдени, оқу-ағарту, яғни Сібір жеріндегі әлеуметтік-қоғамдық қызметтері ішінара кездесетін-ді, биліктің қатаң бақылауына байланысты толық ашылмаған деуіміз заңдылық. Ал, XX ғасырдың басында, жер аударылып келгендердің өздерінің біршама зерттеулері (Сибирский архив, 1911-1916) өңірдің тарихын толықтыра түсті, оған қоса кеңес заманындағы Ғылыми институттардың жүргізілген ауқымды жұмыстары тақырыптың тарихнамалық деңгейін арттыруда. Солардың ішінде, Сібірдің алғашқы өлкетанушы-зерттеушілері *«областничество»* түсінігін ғылыми айналымға енгізген, туған жерінің нағыз жанашырлары Н.Ядринцев (Ядринцев, 1882) (Ядринцев, 1870: 207-240) пен Г.Н. Потаниннің (Сборник Потанина, 1915) қызметін айтуға болады. Олар *«областничество»* деген Сібір зиялыларының арасындағы қоғамдық-саяси ағымды, идеологияны енгізген. Бұл зерттеушілер Сібірді зерттеп қана қоймай, оның қоғамдық-әлеуметтік, саяси өміріне барынша араласа бастағаны өздерін де қудалануға ұшыратады. Олардың Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімшесіндегі ғылыми этнографиялық қызметі барысында, соның маңайына топтасқан жер аударылғандармен тығыз қарым-қатынаста болғандары ғылыми тұрғыдан түсінікті. Сібірге жер аударылғандардың аймақтың өзгеше бір рухани-мәдени серпілісі, қоғамның әлеуметтік тынысының өзгеруі екенін және де олардың аймақтағы тарихи маңыздылығының жоғары екенін өз еңбектерінде кеңінен жаза бастайды.

Н.М. Ядринцев Сібірді зерттеуші этнограф және публицист ретінде өте көп, құнды мәліметтер қалдырған. Оның «Сибирь как колония» және «Русская община в тюрьме и ссылке» атты туындылары өлке тарихын жүйелі зерттеуде, Сібір жерін саяси қудаланғандармен қоныстандыру арқылы отарлауы туралы, жер айдалғандардың түрмедегі және бостандықта қоғам арасындағы өмірі туралы, жазалау жүйесінің әр түрлі тарихи тәжірибесі, яғни Европа елдеріндегі мысдарының мысалдармен, қудаланғандардың түзеліп, елге оралудағы маңыздылығы туралы толық жан-жақты ашып жазылғаны еңбектің құндылығын арттыруда (Ядринцев, 1870: 207-240).

Өзінің еңбегінде ғалым жер аудару, әрине Сібірдегі демографиялық процесстерге белгілі әсерін тигізгенін, шетелде қалыптасқан «Сібір» анықтамасы - тек қудаланғандардан тұратын аймақ деген түсінік қате екенін, мұнда «қылмыскерлер жиналған топ емес, баяғыда-ақ қалыптасқан қарапайым тұрғындар және толыққанды азаматтар» тұратынын жазады (Ядринцев, 1870: 198). Еңбекте жергілікті тұрғындар мен жер аударылғандардың қарым-қатынасын да баяндайды. Көбіне, келгендерге мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық көмегі жеткіліксіз болғанынан қаңғырып кетсе, қалған бөлігі педагогикалық, медициналық және т.б. қызмет көрсету саласында жұмысқа кірісіп күн көріп, қоғамға бейімделіп кетті.

Ал, негізінде Н.М.Ядринцев Сібірге жер аударылудың тоқтатылуын қолдап, экономикалық жағынан да, саяси жағынан да

тиімсіз екенін өзінің еңбегінде жан-жақты негіздеп берді Ядринцев, 1870 228-236).

Солай бола тұра, Ядринцев те Потанин де, «Сібірдегі областничество идеологиясының» негізін құраған жетекші мамандары болып саналады. Қарапайым тілде, елдің негізгі орталығынан қалыс қалмай, шет мемлекеттердегі отарланған елдердей Сібірдің де жан-жақты дамуы. 1894 жылы Н.М.Ядринцев қайтыс болғаннан кейін, Н.М. Потанин «Сібір өлкелік қозғалысын» басқарды. Оған дәлел газет-журнал беттерінде шыққан мақалалары, оның ішінде атап өтсек, «Нужды Сибири», «Областническая тенденция в Сибири», «Будущее Сибирской областнической тенденции» және т.б. (Сборник Потанина, 1015: 113). Осы жерде Потанин ізін басқан, теориялық тұрғыда айтсақ, жер аудару арқылы отарлау саясатын ұстанған билікті қолдамайтын Г.Пейзен болған еді. Оның «Современник» журналында шыққан мақаласын Потанин өзінің ғылыми басылымдарында сілтеме жасағаны белгілі (Пейзын, 1859: 10-47).

Н.Я. Коншиннің "Материалы для истории политической административной ссылки в Степной край " атты еңбегінде (Коншин, 1923: 36) Дала өлкесінің әртүрлі облыстарынан көптеген саяси жер аударылғандар туралы баяндалады. Ресей империясындағы саяси құқыққа қарсы қызметі үшін Семей облысына 1883– 1884 жылдары Н. Долгополов, Л.Е. Фундалинская, А.Я. Энкель, Б.С. Гурвич, М.Л. Песис, А. Лобгицкий және басқалар жер аударылды.

1897 жылғы жалпы халық санағының материалдары, сол кездегі іс жүргізу құжаттары әлеуметтік-экономикалық саладағы жер аударылғандар ара шаруашылығымен, орман шаруашылығымен, ағаш өңдеумен (Семейдегі Ф.И. Кулвич) және саудамен (Семейдегі И.Турговский, И.М.Григорович, М.Гаевский), сусындар өндірумен, аспаптар дайындаумен, темір жолда, поштада және т.б. жерлерде жұмыс істеумен айналысты (Перепись, 1905: 113–115).

Жалпы, өлке тарихының зерттелуі, Семей облысындағы алғашқы өлкетанулық ұйым, 1878 жылы құрылған Семей облыстық статистикалық комитетінің, кейіннен комитеттің хатшысы болған Н.Я.Коншиннің бастамасымен 1902 жылы ашылған Императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің жүргізген зерттеулерінің нәтижесі 1897-1902 жылдары жарияланған «Семей облысының Естелік кітапшалары» (Памятные книжни, 1878-1913) мен 15 томы баспадан шыққан «Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің жазбаларында» мақалалар ретінде көрініс тапқан.

Осы бір жазбалардағы жарияланған мақалалардың жартысы өлкеміздің бай тарихын зерттеуде өзінің қомақты үлесін қосқан, этнограф, ғалым, дін қызметшісі, өлкетанушы Борис Герасимовтың еңбектері. Оның облысымызға жер аударылып келгендер туралы жазған құнды зерттеулері тақырыптың тарихнамасын толықтырып тұрғаны мәлім. Мысал ретінде мақалада келтірілген бір-екі тағдырдың өлкеміздің дамуына, көркеюіне, жалпы жергілікті халықтың жағдайының жақсаруына қосқан үлесін айта кеткен жөн болар.

Әр кезеңде заі жүзінде іске асырылған әр түрлі рақымшылық шараларының арқасында поляктардың көбі Қазақстаннан кетті. Дегенмен, қазақ жерінде өзінің өмірлік жарын кездестіріп, қызмет етіп қалғандары да бар. Қазақ даласына өз қызметімен және мәртебесімен еңбек сіңірген поляк Цезарь Иософович Тераевич болды. Ол Мәскеу университетінің медицина факультетін тамамдаған білікті маман болатын. Зиялы поляк азаматы 1863 жылы көтеріліске қатысып, Сібірге жер аударылады. 1873 жылы Семейге уездік дәрігер болып келген. 1879 жылы Ішкі Ресейге көшкен Цезарь 1889 жылы Өскеменге қайтып келеді. Келгеннен кейін де дәрігерлік қызметін жалғастырып, халыққа жәрдем етеді. Цезарь Иосифовичке жер аударылған Е.Н.Михаэлис, А.Н.Феодорович және т.б. орыс зиялылары аса құрметпен қараған. 1901 жылы 6 мамырда елге жайлы мінезімен есте қалған Цезарь Иосифович дүниеден өтеді (Герасимов, 1918: 93).

Тағдыр айдап келген поляктың тағы бір айтулы азаматы Семенов Викенти Арцишевский. Семейде балаларға әріп үйретіп, оқушыларды гимназияға, кадет корпустарына даярлаған. 1870 жылы оны бақылау тоқталып, одан әрі қалалық басқармада іс жүргізген. 1875 жылдан 1905 жылдың күзіне дейін басқарманың бухгалтері қызметін атқарған (Герасимов, 1918: 47).

20 жасында жер аударылған поляк жігіті Осипов Леон Берберушқа 1878 жылы оған Ресей империясының астанасынан басқа жерлерде тұруға рұқсат береді. Бірақ, ол Қазақстаннан кетуді қаламаған. Өскемен қаласына орнығып, XX ғасырдың басына дейін қалалық полиция бөлімшесінде іс жүргізуші болып жұмыс істейді (Герасимов, 1918: 48). Ал, Феликс Кулович ұсақ саудамен айналысыпты. Бірақ Қазан төңкерісінен кейін бұл кәсібін де тоқтатуға мәжбүр болған. Араларында біртіндеп бедел жинап, адвокаттық қызмет атқарғандары да бар. Мысалы, Тулина Феликсов Марчевский XX ғасырдың басында Семей қалалық полиция бөлімшесінде «писарь» бола жүріп, адвокаттық кәсіппен айналысқан (Герасимов, 1918: 76).

Міне осындай үлкен теориялық, статистикалық, биографиялық мәліметтері бар жер аударылған поляктар туралы деректік, мұрағаттық құжаттарға сүйене отырып жазылған «Ссыльные поляки в Семипалатинской области» мақаласы мазмұнды құжат болып отыр. Бұл мақаланың құндылығын көрсетеді.

Сонымен қатар, Б.Герасимовтың XIX ғасырда Семейге жер аударылған орыс жазушысы Ф.Достоевский, және Е.П. Михаэлис, В.В. Сапожников, В.Н. Белослюдов сияқты және т.б. Семей өлкесінің рухани өмірінде ізін қалдырып, ғылым мен білімнің дамуына өз үлестерін аянбай қосқан саяси қуғындалғандар туралы жазғандарының барлығы «Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің жазбаларында» және басқа газет-журнал беттерінде сақталған.

Барон А.Е. Врангельдің «Воспоминания о Ф.М. Достоевском в Сибири» (Врангель, 1921) еңбегі орыс жазушының сібірдегі өмірі, ол кісінің біздің өңірімізде шыққан туындылары туралы жете жазған. Себебі, барон Врангель орыс ғұламасының бір шатырдың астында тұрған бір-біріне қолдау көрсеткен ең жақын досы болған еді.

XX ғасырдың 20-30 жылдары патшалық Ресейдің қуғын-сүргін тарихына қатысты көптеген ғылыми мақалаларда тақырып тереңірек зерттеле бастағанын байқауға болады. Бұған дейін аса қызығушылықпен жазыла қоймаған өлкенің қоғамдық, мәдени-ағарту, публицистикалық қызметі жазыла бастады. Оған Мәскеуден шығып тұрған тарихи-революциялық «Каторга и ссылка» хабаршысында жарияланып отырған С.П.Швецовтың (Швецов, 1928: 90-101), В.Н. Николаевтың (Николаев, 1928: 90-101) еңбектері дәлел.

Ал, 1950-жылдардан бастап, 1960-1980 жылдардағы саяси қудаланғандардың ғылыми, қоғамдық, мәдени-ағартушылық қызметі толық ашылып, зерттелді. Оның бір көрінісі, 1960 жылдары Сібір тарихы ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі бес томдықтың үшінші томында толық бір тарау арналған «Саяси жер аудару, қоғамдық қозғалыс...» тақырыбында өте терең, жете зерттелген (История Сибири, 1968-1969). Сондай ақ, осы жылдары тарихшы, қоғам қызметкері, педагог С.Ф.Ковальдің Сібір тарихындағы қуғын-сүргін тарихындағы поляктардың жер аударылуы туралы зерттеулері бай құнды мәліметтер береді (Коваль, 1960), (Коваль, 1960). Бұл еңбектерде авторлар сібірдің этнографиясын, тарихын, мәдениетін, экономикасын және т.б. зерттеудегі XIX ғ. саяси жер аударылғандардың орны туралы объективті баға беруге тырысқанымен, олардың өлкетануды зерттеудегі қызметінің тарихы, мазмұны мен нәтижесі сараң, әрі қысқаша баяндалады.

Кеңес заманында Батыс Сібір аймағындағы поляктардың саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты жаңа мұрағаттық материалдарды жүйелеу және анықтау әрекеттері жасалды. Бұл тұрғыда т.ғ.д., профессор Л.П. Рощевская (Рощевская, 1976)] үлкен зерттеулер жүргізіп, поляк қуғын-сүргін тарихының кезеңделуінің жасаған. Ал,

Сібірдегі жер аударылғандардың өлкетанудағы қызметін анықтауда деректерге терең мазмұнды анализ жасай білген авторлардың Шатрова Г.П. (Шатрова, 1962), Горюшкин Л.М. (Горюшкин, 1984, Шостакович Б.С. (Шостакович, 1997), Галиев В.З (Галиев, 1973), (Галиев, 1965), (Галиев, 1978) зерттеулері тақырыптың тарихнамасының мазмұнын тереңдетіп тұрғаны анық.

Посткеңестік кезеңде жер аударылу тарихының тарихнамасы тақырыптарға да, осы бағыттағы зерттеулердің мазмұнына да үлкен серпіліс берген жағымды өзгерістерге толы болды. Қазіргі тарихнамада зерттеушілердің жер аударылу тарихын біртұтас құбылыс ретінде қарастыруға деген ұмтылысы ғылыми қуантарлық жағдай деуге болады. Мұндай көзқараспен тарихи-салыстырмалы талдауды қолдану авторларға жер аударылғандардың жағдайын нақтылауға және орналасқан аймақтың дамуына қосқан үлесін салыстыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

XIX ғасырдың екінші жартысында поляктардың Сібірге жер аударылуы тарихнамасында ғылыми тұрғыдағы жаңа кешенді көзқарас қалыптасады. Поляктардың Сібірге келуі мен олардың қызметінің тарихы туралы бірінші жүйелі есепті белгілі сібірлік тарихшы, профессор Б.С.Шостакович (Шостакович, 1974) өзінің 200-ге жуық осы тақырыпқа арналып жазылған ғылыми еңбектерінде береді.

Ол 1980-жылдары алғашқы болып орыс тарихи әдебиетінде XIX-XX ғасырдың басындағы поляктардың Сібірдегі саяси қоныстану тарихына арналған тарихнамалық очерк жасап, осы тақырыпта өзінің кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады.

Болеслав Сергеевич 2015 жылы үш томдық «Польша-Сібір тарихының феномені» (Шостакович, 2015) атты үлкен еңбегін жариялады. Монографияда поляк-сібір тарихының бірегей ғасырлық, көп қырлы және көп факторлы тарихына (XVII – XX ғасырдың басы) түбегейлі жаңа күрделі жүйеленген ғылыми түсіндірме берілген. Автордың қарастырылған тақырыпқа қатысты ғылыми көзқарастары мен тұжырымдарының көпшілігі жаңашыл сипатта өзінің ұзақ мерзімді зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген.

Б.С. Шостаковичтің негізгі анықтамасы бойынша, Сібірдегі поляктар үшін, *"поврут – оседлене"*, яғни жер аударылғаннан кейін отанына оралу немесе Сібірде қалу туралы мәселе өте маңызды болды (Шостакович, 1995: 89). Жер аударылғандардың тарихи отанына орала алмауына, сондай ақ әлеуметтік-экономикалық фактор әсер етті. Оның ішінде, көптеген жер аударылған поляктар жергілікті әйелдермен некеге отырғанын да ескеруіміз керек деп, профессор Ю.М. Гончаров бұл процесстерді кеңінен зерттейді (Гончаров, 2005: 101-112), (Гончаров, 2010), (Gonczarow, 2007: 33-48).

Поляктардың Сібірдегі ғылым, білім, мәдениет және медицинаның дамуына қосқан үлесін зерттеу тақырыбы зерттеушілер үшін қашан да тартымды болып қала бермек. Жер аударылған поляктардың Сібірді зерттеуге және оның мәдениетін дамытуға қосқан үлесі кеңестік тарихнамада да танымал болды. Мысалы, Ф.А. Кудрявцев "Сібір тарихының" 3-томындағы "Каторга и ссылка" тарауында аймақты зерттеуге үлес қосқан көптеген көрнекті поляк ғалымдарының, сондай-ақ танымал дәрігерлердің есімдерін атап өтеді. (История Сибири, 1968: 118)

Сібірлік зерттеушілердің бірі, Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімі Тарих институтының мүшесі, Қазақстандық ғалымдармен өте жақсы байланыс орнатқан, әсіресе Семей тарихшыларымен етене жақын араласатын, ортақ зерттеулер жүргізіп, бірігіп жобалар жазып жүрген тарихшы ғалым Михаил Викторович Шиловскийді айтып кетпеске болмайды. Ол КСРО Ғылым Академиясының мүшесі, профессор Л.М. Горюшкиннің тікелей шәкірті, өзінің кандидаттық та докторлық та диссертациясын осы кісінің жетекшілігімен қорғаған болатын. Өзінің жүздеген зерттеулерін, диссертацияларын «Сибирское областничество» тақырыбына арнап, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Сібір жеріндегі

қоғамдық-саяси өмір, сол кездегі қоғамдық-саяси ағымдар, қозғалыстар туралы көп жазған. Өзінің туған өңірінің осы бағыттағы ғылымына қосқан үлесі зор (Шиловский, 1989)

Ресейдің кейінгі зерттеушілерінің тағы бірі, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Сібірдегі саяси қуғын-сүргін тарихының тарихнамасын кеңінен зерттеп жүрген профессор Александр Ивановтың (Иванов, 2013) ғылыми жұмыстарын атап өтуге болады. Ол өзінің еңбегінде саяси жер аударылғандар тарихының зерттеулеріне толық талдау жасап, негізгі бағыттар мен проблемаларын анықтап, қорытынды шығарып, әрі қарайғы ғылыми тұрғыдағы зерттеу шекараларын белгіледі деуге болады.

А.А.Иванов тарихнамалық шығармасын, тіпті XYII ғасырдағы философ және тарихшы, славян грамматикасын құрастырушыларының бірі, өзі де Тобылға айдауға жіберілген Юрий Крижаничтің «Саясат» атты еңбегінен бастап, зерттеушілерге жеке-жеке тоқталып, олардың негізгі еңбектерін талдап, салыстырмалы түрде жақсы анализбен жазған.

Тәуелсіз Қазақстанды, жалпы Қазақстанды айтатын болсақ, профессор Жанұзақ Қасымбаевтың зерттеулері отандық тарихнамадағы жаңашыл, маңызды бастама болғандықтан толықталып кетпеске болмас. Біздің тақырыпқа қатысты ғалымның «Семей қаласының тарихы 1718-1917 жж.» (Касымбаев, 1998) атты еңбегі үлкен ғылыми қазына. XIX ғасырдағы жер аударылғандар қызметінің тарихын толығымен бір тарауында ашып, түсініктеме беріп жазады.

80 жылдардың басында Қазақстандық тарихшылар әр кездегі халық санақтарының қорытындыларын тарихи айналымға енгізе бастады. Солардың бірі, жергілікті зерттеуші Н.В.Алексеенко болды. Өлкетанушы ғалым, профессор Николай Владимирович тарихшылар династиясының негізін қалаған, Өскемен педагогикалық институтының алғашқы тарих ғылымдарының кандидаты өзінің бүкіл ғұмырын өлкені зерттеуге арнаған. Автордың «Население дореволюционного Казахстана (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.)» еңбегінде патшалық Ресей тұсындағы халық санағының, дәлірек айтқанда, 1897 жылғы санақтың нәтижелері басшылыққа алынған (Алексеенко, 1981).

Ғалымның «Усть-каменогорск и усть-каменогорцы» (Алексеенко, 1995) еңбегі де құнды, әрі қызықты мәліметтерге толы. Себебі, еңбекте еліміздің шығысында орналасқан ірі өндірістік қала Өскемен халқының ұлттық құрамының өзгеруі тарихи оқиғалармен сабақтаса көрініс береді.

Бертін келе, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Айгерім Альжанова 2000-жылдары өте жақсы туынды шығарады. «Западная публицистика о казахах в период царизма» (Альжанова, 2017) еңбегінің үшінші тарауы «Саяси жер аударылғандардың шығармаларындағы қазақ шындығы» деп аталады. Мұнда Қазақстандағы баспасөз қызметінің дамуындағы саяси жер аударылғандардың рөлін айқындап, польшалық саяси қуғын-сүргін көргендердің публицистикасы және американдық саяхатшы Джордж Кеннанға жете тоқталады.

Қазіргі таңдағы шетелдік зерттеушілер Семей өлкетануы мен оның тарихнамасы туралы көп еңбек жазып жүрген жоқ. Дегенмен, орыс тарихын зерттеумен айналысып жүрген батыс тарихшылары арасында жераудару мәселелерімен айналысып жүрген ғалымдар бар. Олардың көпшілігі нақты Сібірге жераударылған саяси немесе қылмыс жасаған тұтқындар жайында қызықты декректерге толы батыстық көзқараста жазылған еңбектерді дүниеге әкелуде. Олардың еңбектеріндегі ерекшеліктер, тек орыс деректері мен еңбектеріне ғана сүйенбей жазуында деп айтсақ та болады. Батыс және американдық ғалымдардың тарихи зертеулерінен тікелей Семейдің өлкетану саласын дамытқан тұтқындар жайында мәлеметтер жиі кездестірмейміз. Жалпы алғанда батыс санасында "Сібір" сөзі "қудалау" түсінігімен қатар жүреді. Батыс ғалымдары сібірлік идентификацияның не екендігін түсінуге тырысып, қызықты еңбектер жазып қалдыруда. Шындығына келер болсақ,

шетелдіктер 1917 жылғы революцияға дейінгі жераударулар жайында көп зерттеулер жасады деп айта алмаймыз. ГУЛАГ, Сталиндік репресиия кезеңін жазумен салыстырғанда ғылыми еңбектер көп емес. Десек те, батыс ғалымдарының еңбектері арқылы, Батыс-Сібір аумағына кімдер жераударылғандығын, оларға қандай айыптар тағылғандығы мен олардың өмір сүру жағдайлары жөнінде, сонымен қатар, Ресей әкімішілік аппаратының жұмыс істеу стилі жайында көп мәліметтер алу мүмкіндігі бар. Яғни Батыс-Сібір аумағына жераударылған азаматардың әлеуметтік келбеті жөнінде бай мәліметтерге қол жеткізуге болады.

Англо-американдық әдебиеттерде XIX ғасырдағы сібір жерлері әскери тұтқындарға арналған үлкен лагерь ретінде бейнеленеді. Шетелдік ғалымдар көп жағдайда тұлғалардың өміріне тоқталмас бұрын Сібір жерлерінің Ресей империясы үшін не үшін маңыздылығына тоқтала келе, бұл территориялардың айыпталғандарды жераударатын және отарлаудың өзгеше бір тәсілі ретінде де қарастырады.

